

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аралбаева А.Ғ., Әбдіғапар А.Ә.

«М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті», Тараз қ., Қазақстан

Қазіргі уақыт талабына сәйкес білім алушылардың қызығушылығын арттыру ең маңызды мәселенің бірі. Ол үшін бірден-бір септігін тигізетін әдістің бірі – сыни тұрғысынан ойлау технологиясы.

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының басты мақсаты – білім алушылардың кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, саналы шешім қабылдауға үйрету. Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту жолдары, әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі.

СТО – ойланған адам мынадай сұрақтарға жауап береді:

- *Мен не білдім?*
- *Мен жаңашыл не білдім?*
- *Менің білімім қалай өзгерді?*
- *Мен оны қалай қолданамын?*

Осыған орай білім алушылармен жұмыс жасар алдында бағдарламаға сәйкес сабақ құрылымына тоқтала кетейік. Сабақ құрылымының жалпы үш кезеңі бар:

1. Қызығушылығын ояту.

Бұл кезеңде қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы. Оқытушы бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалдармен ұштастыруға жағдай жасайды. Түрлі әдістерді қолдану арқылы білім алушылардың қызығушылықтарын арттырады. Қолдануға болатын әдіс-тәсілдер: *«Миға шабуыл», «Кластер», «Болжамдау», «Альтернативтік тест», «Жауапты мәтіннен табатын сұрақтар құрастыру».*

2. Мағынаны тану (іске асыру).

Оқып жатқан тақырыптардың қажеттілігін түсіну. Жалпы мағынаны тану кезеңі негізгі кезең болып табылады. Сондықтан оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіну қажет. Қолдануға болатын әдіс-тәсілдер: *«Insert әдісі бойынша мәтінді оқу», «Басты сөздердің астын сызу», кесте «Білемін-білгім келеді-білдім».*

3. Рефлексия.


Тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңіндегі үйренгенін саралап, ой иелегінен өткізеді және білімдерін бекітеді. Пайдаланатын әдістер: шығармашылық жұмыс *«Синквейн», «Басты сөздерге келу, түзу қате пікірлер», «Күнделік толтыру», «Басты сөздерден кластер толтыру».*

Қазақстанда отандық білімнің даму стратегиясы, қазіргі таңдағы әлемдік деңгейде жаңа үлгіде даму бойынша талап етілуде. Оқушыларға білім бере отырып, жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр мұғалімнің айқын мақсаты. Ол үшін әр пән мұғаліміне ғылыми тұрғыдан түрлі шығармашылық зерттеулер, ізденістер мен біліктілікті арттыру негізінде жұмыс атқару қажет.

Себебі, бұған айқын көрініс әр білім алушылардың білімді, ойлау дағдылары жоғары, бәсекеге қабілетті, мәдениетті тұлға қалыптастыруға негізделу керек.

Сыни ойлау – мәселені зерттеп, өз ой еркінен шығарып, өзіндік жеке пікір, шешім, дәлелдемелер қисынын зерттеу арқылы жүзеге асыру. Мұғалім үшін нағыз сабақты өткізу – әрдайым ізденістер мен шәкірт болашағын ойлап жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі.


Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:



(Кесте-1)

Қазіргі кезде мамандық атаулылардың барлығы дерлік ептілікті, шапшандылықты, икемділікті, жан-жақтылықты, ерекше ой қызметінде атқара алатын шығармашылықты талап етеді. Сондықтан әр тұлға өзін қалыптастыру үшін ең алдымен сыни ойлау қажет. Айта кетсек бастауыш сыныптарда сабақтар сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы тіл дамыту мен қатар тұлға қалыптастыруда маңызы зор екендігі тәжірибе негізінде дәлелденіп келеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттаушы оқыту технологиясы. Білім алушылар пәнді терең түсінеді, қабілетін дамытады, алған білімдерін кез-келген жерде тиімді пайдаланады. Бұл технологияның тағы бір ерекшелігі – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тындауға, құрметтеуге, өзекті мәселенің шешу жолдарын іздей отырып, қиындықтарды жеңуге баулиды.



Қазіргі уақытта мектептерде жиі қолданылып жүрген жаңа модульінің бірі – оқушылардың жазу мен оқуда сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер болып отыр. Оқытудың мұндай жаңа педагогикалық технологияларын сабақта пайдалану қазіргі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек деп санаймын. Өйткені, елімізге заман талабына сай сыни тұрғыдан ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдап, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет.

Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қана қоймай, балалардың даралық қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін пайдаланып оқытудың арасы алшақ. Мұғалім бұл технологиямен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отырғаны дұрыс.

Сыни тұрғыдан ойлау өзіндік, жеке ойлау болып табылады сонымен қатар сабақта сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құрар еді.

Сыни тұрғыдан ойлайтын оқушы басқа сыныптастарының көзқарастарымен жиі келісе бермейді. Олар не ойлау керектігін өздері шешетін болады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытудағы әдіс-тәсілдерді қолдану сабақта едәуір нәтиже береді. Оқушының жеке басын дамыту үшін мынандай қағидаларды есте үнемі ұстап отыру керек.

1. Баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай оны үнемі алға жылжуға деген талап тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру.

2. Білімді өз бетімен іздену арқылы ойлауға жағдай жасау.

3. Өзін-өзі қалыптастыратын тұлға қалыптастыру. Мен өз сабағымда сыни тұрғыдан ойлау технологиясының бірнеше стратегияларын қолданып жүрмін. Жалпы әр сабақ психологиялық дайындықтан басталады. Оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтып, өздерін сабаққа дайындап алады. Қазіргі кезде оқушының жеке дара қабілетін қанағаттандыра алатындай, білім беру үшін оқыту үрдісінің сан алуан әдіс-тәсілдерін пайдаланып отырғандығымыз анық.

Осы жаңа әдістерді қолдану кезінде педагогикалық-психологиялық талаптарды біріктіре отырып, оқушының оқу материалын терең игеруіне жағдай жасау қажеттілігі мен жеке тұлға қалыптастыру қажеттігін ескерген жөн. Қазіргі таңдағы білім берудегі жаңа әдіс-тәсілдер оқушының өз бетінше білім алуына, ізденуіне, танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға, кез-келген мәселе жөнінде өз пікірінің болуы және оны дәлелдей алуына ықпал ететіндігі белгілі.

М.Жұмабаевтың «Педагогика» деген еңбегінде «Сабақ барысында мұғалім оқушыға тақырыпты жеткізу үшін алдымен балаға жаңа беретін білімді жат күйінше емес, баланың бұрынғы таныс біліміне байлап берсін» делінген. Қазіргі кезде қолданылып жүрген әдістерде бала бұрынғы өзі

білетін нәрсенің ерекшеліктерін саралап қарап, оның жетістігі мен қажеттілігі арқылы жаңа білімді алуға ұмтылады.

Оқушының ойлау қабілетіне, сезіміне, даралығына серпіліс ендіруді мақсат етіп қойып, дайын тақырыптармен оқушының қызығушылығын аша алмаудан бұрын, мұғалім оқушыны өзіне тең дәрежеде екенін есте шығармай, оны жеке тұлға екендігін қабылдап, сан алуан әрекет арқылы – ойды ұштап, жетілдіру, жеке тұлғаның өзіндік идеясын, көзқарасын, сенімділігін, жауапкершілігін дамыту жолдарын іздестіру- осының бәрі бүгінгі таңдағы керек қасиеттер. Әлемдік психолог-педагогикалық әдебиеттерде адамның ойлауын дамытатын мәселелерді А.Н.Монтъев, С.П.Рубинштейн, М.В.Занков т.б. танымал ғалымдар теориялық тұрғыдан қарастырған.

Ойлаудың өзі – ақиқат дүниені өзара барлық байланыс қатынастарымен сәулелендіретін, миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленетін процесс дегенді білдіреді.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген құштарлығын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Б.Аханова «Шығармашылық тұлға қалыптастыру» // «Сыныптағы тәрбие». - №1.-19-22 б.
2. «Жеке тұлғаға бағытталған сабаққа қойылатын талаптар». //Қазақстан тарихы әдістемелік журнал.-2008.18-24 б.
1. Ә.Қабдешова «Сын тұрғысынан ойлау». // Қазақ тілі мен әдебиеті.- №10.35-45б
2. Г.Ешанова «Сұлтанбек Қожахметовтің жеке тұлғаның дамуына бағытталған ой- пікірлер». // Қазақстан жоғары мектебі. -2006.-№1.96-99 б.
3. А.Ташенова «Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту». //Білім-Образование .-2006. -№2.15-18 б.
4. «Тілдік тұлға қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлаудың маңызы» //Білім-Образование.-2007.-№5.12-23 б.